Диссертациялық кеңестің 2023 жылғы жұмысы туралы
ЕСЕП

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті қарамағында құрылған «8D031 Әлеуметтік ғылымдар», «8D114 Әлеуметтік жұмыс», «8D011 Педагогика және психология», «8D018 Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кадрларды дайындау бағыттары бойынша, «Әлеуметтік ғылымдар және білім беру», «6D050100, 8D03101 – Әлеуметтану», «6D090500, 8D11401 - Әлеуметтік жұмыс», «6D012300, 8D01801 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану», «6D050300, 8D03107 – Психология», «6D010300, 8D01101 - Педагогика және психология», «6D050200, 8D03104 – Саясаттану» мамандықтар тобы/білім беру бағдарламалары бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беру үшін құрылған диссертациялық кеңес.

Диссертациялық кеңес төрағасы – Насимова Гульнар Өрленбаевна, 28 маусымдағы 2021 жылғы No 306 әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми кеңесінің шешімі негізінде (2021 жылғы 22 маусымдағы No11 хаттама) (11.03.2022 жылғы No82 ректордың бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітілген.

~~Диссертациялық кеңеске~~

«6D050100, 8D03101 - Әлеуметтану» мамандығы бойынша;

«6D090500, 8D11401 - Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша;

«6D012300, 8D0180 - Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»; мамандығы бойынша;

«6D050300, 8D03107 - Психология» мамандығы бойынша;

«6D010300, 8D01101 - Педагогика және психология» мамандығы бойынша;

«6D050200, 8D03104 – Саясаттану» мамандығы бойынша диссертацияны қабылдауға рұқсат етілген.

1. **Өткізілген отырыстар саны туралы деректер** – 8.

2. **Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда):** Жоқ.

3. **Оқу орны көрсетілген докоранттардың тізімі:**

1. Нуров Мархаббат Мешитбекович - Абай атындағы ҚазҰПУ;
2. Махамбетова Жамиля Таргыновна – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ;
3. Атем Маржан Нурланқызы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ;
4. Борбасова Гульнур Нурсайновна – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ;
5. Ақмади Мөлдір Арманқызы – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ;
6. Несипкалиев Даурен Еренгалиевич – Абай атындағы ҚазҰПУ;
7. Сарбасова Гульзат Жакеевна – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ;
8. Байпаков Марат Карлович – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

4. Есепті жыл ішінде қаралған диссертацияларды қысқаша талдау.

4.1 Қарастырылған жұмыстардың тақырыбын талдау.

Есепті кезеңде диссертациялық кеңесте келесі докторанттардың PhD докторы дәрежесін алу үшін 8 диссертациялар қорғалды:

1. Нуров Мархаббат Мешитбекович «6D050200 – Саясаттану» мамандығы бойынша, диссертация тақырыбы: «Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлық арақатынасын талдау.

Қазақстан азаматтарының діни дүниетанымы тәуелсіздік алғаннан бері өзгеруде және бұл жағдай, атап айтқанда, ел дамуының қазіргі кезеңіндегі зайырлылық пен діндарлықтың арақатынасы терең талдауды, атап айтқанда саясаттанулық зерттеуді қажет етеді. Дәстүрлі институттардың зайырлылыққа деген тұрақты тенденциясы қазіргі өркениеттердің ықпалына тап болған көптеген қоғамдардың ерекшелігі болып табылады. Олардың этникалық шығу тегі, географиялық орналасуы, тарихи дамуы және саясат жағдайы әртүрлі болғанымен, олардың арасында болып жатқан өзгерістер ауқымы мен қарқындылығымен ерекшеленеді. Соған қарамастан, олардың әлеуметтік өзгерістер тәжірибесіндегі белгілі бір ұқсастықтарды атап өтуге болмайды: саяси-әлеуметтік және мәдени-рухани эволюция барысында адамзаттың көп бөлігі зайырлылық шеңберінде өз дамуын құрады. Оның үстіне әлеуметтік тұрақтылық пен ұлтаралық қарым-қатынастардың зайырлы мемлекеттегі қалыптастыру барысындағы дін ықпалының маңыздылығын жоққа шығару мүмкін емес.

2. Махамбетова Жамиля Таргыновна 6D012300- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша, диссертация тақырыбы «Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру».

Жаһандану жағдайында білім беру жүйесінің жаңа миссиясы – барлық азаматтардың білім алуына және білімге қол жеткізуіне тең құқықты қамтамасыз ету арқылы қоғамдағы үлкен әділеттілік пен әлеуметтік тұрақтылыққа қол жеткізу үшін жағдай жасау. Білім алу құқығы Қазақстан Республикасы азаматының негізгі конституциялық құқықтарының бірі болып табылады. Инклюзивті білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерінің алуан түрлілігін ескере отырып, барлық білім алушылардың білімге тең қолжетімділігін қамтамасыз етуді көздейді. Жоғары білім беру стандарттары студенттердің табысты кәсіби іс-әрекеті үшін құзыреттерін қалыптастыруды көздейді. Осыған байланысты, педагогикалық ғылым мен тәжірибеде кәсіби құзыреттерді қалыптастыру өзекті мәселе болып табылады, ол білім беру нәтижелеріне қойылатын стандарттар талаптарында көрініс табады.

3. Атем Маржан Нурланқызы «8D01101 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша, диссертация тақырыбы «Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық негіздері».

Қазіргі жаһандық қоғам үшін орта білім сапасы нәтижелі білім берудің табыстылығын анықтауға қажетті квалиметриялық өлшемдік категориялардың бірі болып табылады. Оқушылардың білім деңгейін

бағалаудың өлшенген және өлшенетін сапалық көрсеткіштермен сипатталуы орта білімнің өзектілігі мен маңыздылығына, оқушылардың қазіргі икемді дағдыларға бейімделуіне және инновацияға бағдарлана алуға деген мүдделіліктеріне байланысты. Мектепте сапалы білім беру бүгінгі күннің қажеттіліктерін емес, өзгермелі қоғамның болжамды қажеттіліктерін көрсететін ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізуге бағытталғандықтан жаңа сапаға қол жеткізу үшін білім беру ұйымы мен білім беруді басқару құрылымында болып жатқан өзгерістерді тез қабылдауға қабілетті болуы керек.

4. Борбасова Гульнур Нурсаиновнаның «6D050300-Психология» мамандығы бойынша, диссертация тақырыбы «Эмоциялық күйлер мен индивидуалды айырмашылықтардың экзекутивті бақылауға әсерін психофизиологиялық зерттеу».

Экзекутивті бақылау – бұл когнитивті психологиядағы көптеген когнитивті қызметтерді біртұтас мақсатты мінез-құлыққа біріктіруге, мақсаттарды таңдауға және мінез-құлық мақсаттарының орындалуын бақылауға байланысты орталық ғылыми мәселе. Когнитивті қызметтерді (функцияларды) бақылаудың нейрофизиологиялық механизмдерін зерттеу әртүрлі қызметтердің өзара әрекеттесуінің бастапқы процестерін, олардың көп деңгейлі бірігуін, реттеуші принциптерін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл жұмыста экзекутивті бақылау саласында да, индивидуалды айырмашылықтар мен эмоциялық күйлер саласында да негізгі ғылыми болжамдар мен теориялар талданады.

5. Ақмади Мөлдір Арманқызы «Бір белдеу, бір жол» бастамасы: Орталық Азия елдеріндегі әлеуметтік қабылдау», «8D03101 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша.

Әлеуметтік қабылдау қоғамдағы әртүрлі құбылыстар мен процестер туралы қоғамдық идеялар мен пікірлердің қалыптасуымен байланысты. «Бір белдеу, бір жол» бастамасы өңір елдері арасындағы өзара іс-қимыл туралы, экономикалық даму перспективалары және Орталық Азияның әлемдік қоғамдастықтағы рөлі туралы қоғамдық пікірді қалыптастыруға әсер етуі мүмкін. Әлеуметтік қабылдау әлеуметтік саладағы шешімдер мен әрекеттерді қабылдауға әсер етеді. «Бір белдеу, бір жол» бастамасының әлеуметтік қабылдауын зерттеу жобаға қатысуға қатысты шешім қабылдауға қандай факторлар әсер ететінін, әртүрлі әлеуметтік топтардың қандай пікірлері мен түсініктерін және әртүрлі әлеуметтік контексттерде осы шешімдерді қабылдауға қалай әсер ететінін жақсырақ түсінуге көмектеседі. Орталық Азия елдеріндегі «Бір белдеу, бір жол» бастамасын әлеуметтік қабылдауды зерттеу әлеуметтану тұрғысынан өте маңызды, өйткені ол аймақтағы әлеуметтік процестерді жақсы түсінуге, олардың қоғамдық пікір мен мінез-құлыққа әсерін бағалауға және жоба шеңберінде әлеуметтік қорғау мен өзара іс-қимылдың тиімді стратегияларын әзірлеуге көмектеседі.

6. Несипкалиев Даурен Еренгалиевич «6D050100 – Әлеуметтану» мамандығы бойынша, диссертация тақырыбы: «Студент жастардың саяси әлеуметтенуі: ірі қала жағдайындағы салыстырмалы талдау».

Диссертацияда үлкен қала жағдайында студент жастардың саяси әлеуметтенуі зерттелген. Әлемдік ауқымда жаһандану мен урбанизация Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси жүйесінде елеулі өзгерістерге әкелді. Бұл өзгерістердің күрделі сипаты саяси білімді қоғамды және жастардың демократиялық қатысуын талап етеді. Бұл процестерде студенттік жастарға университеттің академиялық ортасы тұрғысынан ең озық, белсенді және ресурстық рөл беріледі. Студенттік жастардың әлеуметтену агенттері мен саяси көзқарастарын талдау саяси әлеуметтенуді ынталандыратын белсенділіктің азаматтық компонентіне баса назар аударуға мүмкіндік берді.

7. Сарбасова Гульзат Жакеевна «6D050300 –Психология» мамандығы бойынша, диссертация тақырыбы: «Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны».

Қазіргі әлем жылдам өзгеретін жағдайларға, стресстік жағдайларға және ақпараттың шамадан тыс жүктелуіне бейімделумен байланысты жоғары талаптармен сипатталады. Қазіргі заманғы психологтың кәсіби қызметі қарқынды, күтпеген, біржақты емес және әртүрлі жағдайларда жүзеге асырылатындықтан, психолог жаңаша ойлау және әрекет ету қажеттілігі мен белгілі бір тұлғалық құрылымдардың жеткіліксіз қалыптасуы арасындағы қарама-қайшылыққа байланысты мәселелерге тап болады. Әртүрлі жағдайларда өз эмоцияларын реттемей және өз мінез-құлқымен қарым-қатынастағы әріптесінің эмоционалды күйін үйлестіре алмаса өзара тиімді іс-әрекет жасау мүмкін емес. Осы бағытта болашақ психологтың эмоционалды икемділігін дамыту мәселесі қазіргі ЖОО-да маңызды болып табылады.

8. Байпаков Марат Карлович «6D050200 – Саясаттану» мамандығы бойынша, диссертация тақырыбы: «Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік және партиялық жүйесі».

Қоғамдық-саяси тұрғыда диссертация тақырыбының өзектілігі қоғамды өзгертуге арналған «Жаңа әділ Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыруда мемлекет пен саяси партиялардың атқаратын маңызды рөлімен анықталады. «Жаңа Қазақстанды реформалау» бағдарламасы еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі қоғамды әлеуметтік-саяси жаңғыртудың жаңа кезеңі ретінде қарастырылуы заңды. «Жаңа Қазақстан» бағдарламасының негізгі мақсаты – әділ және демократиялық қоғам құрудағы мемлекет пен қоғамдық-саяси институттардың рөлін арттыру.

4.2 диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

1. Нуров Мархаббат Мешитбековичтің «Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлық арақатынасын талдау» тақырыбында диссертациясы 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясының: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2017 жылғы «Болашаққа бағдар: рухани

жаңғыру» бағдарламалық мақаласының, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауының негізгі ережелеріне, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы және өзге де нормативтік құжаттармен өзара байланысты. Диссертацияда Қазақстан гуманитарлық-саяси конъюнктура орталығының қолдауымен жүргізілген халықтың діндарлық көрсеткіштерін анықтауға бағытталған сандық әлеуметтанулық зерттеу нәтижелері туралы айтылады. Сауалнама 2019 және 2021 жылдың ақпан-наурыз айларында екі кезеңде жүргізілді.

2. Махамбетова Жамиля Таргыновнаның «Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру» тақырыбында диссертациясы негізгі мемлекеттік бағдарламалармен және ережелерге сәйкес келеді, олардың ішінде: ҚР Конституциясы; «ҚР Білім туралы заңы» (2007 ж.); ҚР-дағы Бала құқықтары туралы Заң (2002 ж.); Қазақстан Республикасында Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері (2015 ж.); Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (2021,26.06) және т.б. Зерттеудің негізгі нәтижелері «AP 14872130 - Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру саласындағы ұлттық стратегия ретінде ерекше білім беру қажет ететін студенттердің кәсіби өзін-өзі анықтауын қалыптастыру» жобаны іске асыруда көрініс тапты.

3. Атем Маржан Нурланқызының «Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық негіздері» тақырыбындағы диссертациясы өзара байланысты 2021-2025 жылдарға арналған «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы, «Педагог мәртебесі туралы» заңы, білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, «Педагогтің кәсіби стандарты» және т.б. мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамаларға сәйкес негізделді.

4. Борбасова Гульнур Нурсаиновнаның «Эмоциялық күйлер мен индивидуалды айырмашылықтардың экзекутивті бақылауға әсерін психофизиологиялық зерттеу» тақырыбында диссертациясы негізгі мемлекеттік бағдарламалармен және ережелерге сәйкес келеді, олардың ішінде: ҚР Конституциясы; «ҚР Білім туралы заңы» (2007 ж.), сонымен қатар зерттеу жұмысы Қазақстандағы осы тақырып аясындағы психофизиологиялық зерттеулер негізіне жатады. Зерттеу жұмысы екі этаптан тұрды, бірінші этап психодиогностикалық сауалнамаларды арнайы бланкке толтыру, екінші этап зейін жүйесі тапсырмасын орындау барысындағы электроэнцофологрофиялық жазбалардың өтуі.

5. Ақмади Мөлдір Арманқызының «Бір белдеу, бір жол» бастамасы: Орталық Азия елдеріндегі әлеуметтік қабылдау» тақырыбындағы

диссертациясы негізгі мемлекеттік бағдарламалармен және Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауларымен, атап айтқанда келесі бағдарламалар мен жолдаулармен өзара байланысты: «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» 14 желтоқсандағы 2012 жыл; 2017 жылғы «Болашаққа бағдар: қоғамдық сананы жаңғырту» бағдарламалық мақаласы; Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы Халық бірлігі мен жүйелі реформалар-ел өркендеуінің берік негізі 2021 жылғы 1 қыркүйектегі; Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділ мемлекет. Біртұтас ұлт. Гүлденген қоғам» бағдарламалары 2022 жылғы 1 қыркүйек.

6. Несипкалиев Даурен Еренгалиевичтің «Студент жастардың саяси әлеуметтенуі: ірі қала жағдайындағы салыстырмалы талдау» тақырыбында диссертациясы 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясының: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», 2017 жылғы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауының, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауының негізгі ережелеріне, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы және өзге де нормативтік құжаттармен өзара байланысты.

7. Сарбасова Гульзат Жакеевнаның «Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны» тақырыбындағы диссертациясында «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2022 жылғы 3 мамыр, №118-VII (01.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен); Жоғары білімнің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты: «Жалпыға міндетті мемлекеттік стандарттарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын бекіту туралы»; Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасының білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы: 2019 жылғы 27 желтоқсанда бекітілді, №988; Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Сапалы білім беру «Білімді ұлт» ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылғы 12

қазан, №726; «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан халқына жолдау, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Өркениетті қоғам: Қазақстан халқына Жолдау» және өзге де нормативтік құжаттармен өзара байланысты.

8. Байпаков Марат Карловичтің «Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік және партиялық жүйесі» тақырыбындағы диссертациясы «Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеті және партиялық жүйесі» тақырыбындағы диссертациясы ел Президентінің негізгі мемлекеттік бағдарламалары мен жолдауларымен өзара байланысты, соның ішінде: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі: Қазақстан халқына Жолдауы»; Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – еліміздің өркендеуінің берік іргетасы» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділ мемлекет. Бір ұлт. Өркендеген қоғам» Қазақстан халқына Жолдауы және өзге де нормативтік құжаттармен өзара байланысты.

4.3. Диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

1. Нуров Мархаббат Мешитбековичтің «Қазақстандағы зайырлылық пен діндарлық арақатынасын талдау» тақырыбында диссертацияның нәтижелері мемлекеттің дін саласындағы саясатты қалыптастыруға және жүзеге асыруға қатысатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына, министрліктеріне және ведомстволарына қолданбалы ұсыныстардың ғылыми көзі ретінде қолдануға болады. Диссертациялық зерттеуде қабылданған халықтың діндарлығын зерттеудің әдіснамалық тәсілдерін талдау бүгінде отандық саясаттануда қолданылатын халықтың діндарлығын зерттеу әдістерін онан сайын жаңарта отырып, оның басқаша жолдарын қоғамға ұсынады.

2. Махамбетова Жамиля Таргыновнаның «Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыру» тақырыбында диссертациясының практикалық маңыздылығы: «Инклюзивті білім беру жағдайындағы әлеуметтік педагогтың қызметі» оқу-әдістемелік кешен баспада шығарылымда, сондай-ақ, «Social pedagogue in the system of inclusive education», болашақ әлеуметтік педагогтардың еңбекке кәсіби құзыреттерін қалыптастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленуде; 7М01103-Инклюзивті білім беру жағдайындағы заманауи технологиялар білім беру бағдарламасы әзірленуде; «Инклюзивті білім беру жағдайындағы болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін диагностикалық құралдар әзірленуде; «Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ әлеуметтік педагогтардың кәсіби құзыреттерін қалыптастыруды қамтамасыз ететін «Педагогикалық тәжірибе мазмұнына толықтырулар» құрастырылуда;

таңдау компоненті – болашақ әлеуметтік педагогтарға арналған модуль бағдарламасы әзірленуде: «Білім беру ортасындағы инклюзия», ол келесі пәндерден тұрады: 1. «Инклюзивті білім берудегі тьютор», «Инклюзивті білім берудегі ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды сүйемелдеу бойынша тьютор іс-әрекетіндегі инновациялық технологиялар».

3. Атем Маржан Нурланқызының «Орта білім беру сапасын арттырудың педагогикалық негіздері» тақырыбында диссертациясының практикалық маңыздылығы: зерттеудің оң нәтижеге ие болған тәжірибесін Қазақстанның орта білім беру жүйесін жетілдіруде, орта білім беру сапасын арттыруға қатысты жаңа нормативтік актілер мен білім беру бағдарламаларын әзірлеуде, білім беру мекемелері қызметкерлерінің білім беру үдерісін ұйымдастыруы мен жүргізуінде, орта білім беру сапасын арттыру бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауда, орта білім беру үдерісін сапалы атқаруда ішкі резервтерді тиімді қолдануды ұйымдастыруда қолдануға мүмкіндік береді.

4. Борбасова Гульнур Нурсаиновнаның «Эмоциялық күйлер мен индивидуалды айырмашылықтардың экзекутивті бақылауға әсерін психофизиологиялық зерттеу» тақырыбында диссертацияның нәтижелері Қазақстанның жоғары оқу орындарында оқу қызметін жоспарлау және когнитивті бақылау функцияларын оңтайландыру үшін оқу процесін ұйымдастыруда жеке тәсілдерді әзірлеу кезінде пайдаланыла алады. Сондай-ақ зерттеу жұмысының нәтижелері жоғары жауапкершілікті талап ететін демалыс және еңбек режимін, еңбек процесін оңтайландыру кезінде, мамандар мен операторларды жұмысқа іріктеу кезінде қолданылады.

5. Ақмади Мөлдір Арманқызының «Бір белдеу, бір жол» бастамасы: Орталық Азия елдеріндегі әлеуметтік қабылдау» тақырыбындағы диссертациясының практикалық маңыздылығы жүйеленген материалды Әлеуметтану және саясаттану бойынша мамандандырылған курстар, оқу құралдарын дайындауда қолдануға болатындығымен анықталады. Зерттеу нәтижелері мен мәліметтер базасы Қытайдың әлеуметтік қабылдауын және Орталық Азия елдеріндегі «Бір белдеу, бір жол» бастамасын зерттеуге мүдделі мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар қолдана алатын ғылыми-аналитикалық есептерді дайындауға негіз бола алады.

6. Несипкалиев Даурен Еренгалиевичтің «Студент жастардың саяси әлеуметтенуі: ірі қала жағдайындағы салыстырмалы талдау» тақырыбында диссертацияның нәтижелері білім беру процесіндегі кемшіліктер мен олқылықтар және жоғары білімнің әкімшілік рөлі туралы құнды мәліметтер бере отырып, талдау жұмыстарын жүргізеді. Жоғары білім берумен айналысатын ұйымдар студенттердің қоғамды ілгерілетудегі рөлін ескере отырып, университеттердегі саяси білім беру туралы ұсыныстар ала алады. Бұл зерттеу, сонымен қатар патриотизмнің сындарлы әлеуеті туралы болашақ зерттеулер үшін маңызды азаматтық белсенділіктің маңызды детерминанты ма және ол қандай дәрежеде екендігі туралы бағыттарды көрсетеді.

7. Сарбасова Гульзат Жакеевнаның «Болашақ психологтардың эмоционалды икемділігінің даму талаптары мен психологиялық мазмұны»

атты тақырыбындағы диссертациялық жұмыстан алынған нәтижелер эмоционалды икемділік деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Зерттеу материалдары «Педагогикалық психология», «Мамандыққа кіріспе», «Әлеуметтік- психологиялық тренинг» пәндерінің дәріс және практикалық сабақтарын жоспарлауда және дайындауда, сондай-ақ болашақ психологтардың кәсіби қалыптасуына бағытталған тренинг бағдарламаларын жасауда пайдалануға болады. Ұсынылған «Психологтың эмоционалды икемділігі» арнайы курсы, психологиялық тренингтің бағдарламасы білім беру саласындағы психологтарды кәсіби даярлау процесінде олардың эмоционалды икемділігін дамытудың тиімді құралы ретінде кеңінен қолдануға болады.

8. Байпаков Марат Карловичтің «Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік және партиялық жүйесі» тақырыбындағы диссертацияның нәтижелерін мемлекеттің инновациялық саясатын ғылыми-теориялық тұрғыдан негіздеу, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік және партиялық құрылыс жүйесін жетілдіру, мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттары арасындағы ынтымақтастықтың жаңа нысандарын дамыту үшін пайдалануға болады. Диссертацияның ережелері мен қорытындыларын Қазақстанның жоғары оқу орындарында саясаттану курстарын әзірлеу және оқытуда қолдануға болады.

5. Ресми рецензенттердің жұмысын талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Қаралған диссертациялық зерттеулер бойынша ресми рецензенттер ретінде пәндік салаларда мамандығы бойынша ғылыми жарияланымдары бар, қорғалған диссертациялар тақырыбына жақын жетекші ғалымдар сөз сөйледі.

1. «6D050200 – Саясаттану» - мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Нуров Мархаббат Мешитбековичтің *рецензенттері:*

1) Кайдарова Асем Серикказыевна – саяси ғылымдарының докторы, «Қазақстандық қоғамдық даму институты» КЕАҚ басқарма төрағасының орынбасары. (Астана қ., Қазақстан). Мамандығы: «23.00.02 - саяси институттар, этносаяси конфликтология, ұлттық және саяси процестер мен технологиялар»;

2) Кошербаев Дастан Бақытбекұлы – саяси ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қолданбалы зерттеулер институтының бас ғылыми қызметкері (Астана қ., Қазақстан). Мамандығы: «23.00.02 - саяси институттар, этносаяси конфликтология, ұлттық және саяси процестер мен технологиялар».

2. 6D012300- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Махамбетова Жамиля Таргыновнаның *рецензенттері:*

1) Сардарова Жаннат Исмагуловна, педагогика ғылымдарының докторы, Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің арнайы педагогика кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Алматы қ., Казақстан).

2) Рымханова Айнагуль Рымбековна, PhD, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының меңгерушісі, қауымдастырылған профессоры (Қарағанды қ., Қазақстан).

3. «8D01101 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Атем Маржан Нурланқызының *рецензенттері:*

1) Ибрагим Қайрат Әменұлы – педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ спорт және туризм академиясы; Мамандығы: 13.00.01- жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика. (Алматы қ., Казақстан);

Книсарина Малика Максатовна – философия ғылымдарының докторы (PhD), Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті.

4. 6D050300-Психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Борбасова Гульнур Нурсаиновнаның *рецензенттері:*

1. Альмухамбетова Бибігүл Жексембаевна – І. Жансүгуров атындағы Жетісу университетінің оқытушы – дәріскері, «6D010300 – Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия ғылымдарының докторы (PhD) (Талдықорған қ., Қазақстан).

2. Тапалова Ольга Бисеновна – психология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор. Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің профессор – зерттеушісі (Алматы қ., Қазақстан).

5. «8D03101 – Әлеуметтану» - мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Ақмади Мөлдір Арманқызының рецензенттері:

1) Байғабылов Нұрлан Оралбайұлы – PhD, доцент, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті. "6D050100-Әлеуметтану" мамандығы (Астана қ., Қазақстан);

2) Токтаров Ермек Бауыржанұлы - PhD, ҚР Президенті жанындағы Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институты. "6D020100 - Философия" мамандығы (Астана қ., Қазақстан).

6. «6D050100 – Әлеуметтану» - мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Несипкалиев Даурен Еренгалиевичтің *рецензенттері:*

1. Маульшариф Мира – әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, профессор. Жоғары гуманитарлық мектеп, Narxoz университеті (Алматы қ., Қазақстан). Мамандығы 22.00.04 - Әлеуметтік құрылым, әлеуметтік институттар мен процестер;

2. Сарсенова Асель Бериковна – әлеуметтану PhD докторы, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының доцент м.а., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ., Қазақстан). Мамандығы «6D050100 – Әлеуметтану».

7. «6D050300 –Психология» - мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Сарбасова Гульзат Жакеевнаның *рецензенттері:*

1) Ерментаева Ардах Ризабековна - психология ғылымдарының докторы, профессор. Тұран университеті (Алматы., Қазақстан). Мамандығы «Психология»;

2 Аубакирова Жанат Канашевна психология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті (Астана қ., Қазақстан). Мамандығы «Психология».

8. «6D050200 – Саясаттану» - мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Байпаков Марат Карловичтің *рецензенттері:*

1) Изтаева Венера Амангельдиевна – саяси ғылымдарының кандидаты, доцент, «Қазіргі заманғы Қазақстан тарихы және дүниетанымдық пәндер» кафедрасының меңгерушісі, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті (Алматы қ., Қазақстан). «23.00.02 Саяси институттар, этносаяси конфликтология, ұлттық және саяси процестер мен технологиялар» мамандығы;

2) Асылтаева Эльнура Бейсенбековна – PhD, қауымдастырылған профессор, «Аймақтану және халықаралық қатынастар» факультеті, «Тұран» Университеті (Алматы қ., Қазақстан). «6D050200 – Саясаттану» мамандығы.

Ұсынылған барлық рецензияларда диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі, ізденушінің алған ғылыми нәтижелері, әрбір ғылыми нәтиженің негізділігі мен нақтылығы, олардың жаңалығының дәрежесі көрсетілген, зерттеу нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы, ескертулер мен ұсыныстар көрсетілген.

Жоғарыда аталған ғалымдар (рецензенттер) ұсынған рецензияларды талдау өзінің құрылымы мен мазмұны бойынша олардың ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптарына толық сәйкес келетіні туралы қорытындыға келуге мүмкіндік берді. Сапасыз пікірлер жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК бекіткен ғылыми журналдарда жекелеген мамандықтар бойынша жарияланымдарға рұқсат етілген журналдар тізімін кеңейту. Әлеуметтік-гуманитарлық бағыттағы сабақтас мамандықтарға ұсынылатын журналдарда жариялауға рұқсат ету. Кейбір мамандықтар үшін бұл тізім тіпті бір журналмен шектелуі мүмкін. Журналдардың аз тізімі докоранттарға докторантура шарттарына сәйкес мақала басып шығаруға мүмкіндік бермейді, бұл талапкерлердің «ұзақ» кезегіне байланысты мүмкіндіктің төмендігіне байланысты.

Ғылыми журналдар мен басылымдардың басқа да әлемге танымал ақпараттық және рейтингтік дерекқорларын қосу арқылы жариялауға рұқсат етілген журналдар тізімін кеңейту.

Докторант диссертация қорғауға кіріскен кезде мақаланы жариялау кезіндегі журналдың процентиль көрсеткішін ескеруді ұсынамыз. Журнал редакциясына мақала жіберген кезде докторант журналдың ағымдағы процентиль көрсеткішін және оның рейтингтік базаға енуін ескереді. Дегенмен, диссертацияны аяқтау және қорғауға өтінім беру кезінде процентиль көрсеткіші төмендеп, журнал ғылыми журналдар мен басылымдардың рейтингтік базасынан шығуы мүмкін. Осы себепті докторанттар қорғауға шыға алмайды.

7. Философия докторы (PhD), дәрежесі бойынша доктор дәрежесін алу үшін қаралған диссертациялар туралы деректер (1-кесте).

Мамандық	6D050100, 8D03101 - Әлеуметтану	6D090500, 8D11401 – Әлеуметтік жұмыс	6D012300, 8D01801 – Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану	6D050300, 8D03107 - Психология	6D010300, 8D01101 – Педагогика және психология	6D050200, 8D03104 – Политология
Қорғауға ұсынылған диссертация	2	-	1	2	1	2
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	1	-	-	-	-	1
қорғауға ұсынылмаған диссертация	-	-	-	-	-	-
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-
Рецензенттен қарсы пікір алған диссертация	-	-	-	-	-	-
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-
Қорғаудың қорытынды шешімі бойынша теріс шешімі бар диссертация	-	-	-	-	-	-
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	-	-	-	-	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша оң шешімі бар диссертациялар	2	-	1	2	1	2
Оның ішінде басқа ЖОО докторанттары	1	-	-	-	-	1

Диссертациялық кеңестің төрайымы **Г.О. Насимова**

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы **Н.У. Шеденова**

"28" 11 2023 жыл